

Мектептегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және оның білім беру үдерісіндегі рөлі

Мақала авторы: **Каренова Айжан Сериковна**

Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласы мектеп-лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары

Қазақстан Республикасында орта білім беру міндетті болып табылады және үш деңгейден тұрады: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру. Орта білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру Оқу-ағарту министрлігінің құзыретіне кіреді. Министрлік сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, білім беру процесін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен озық тәжірибе негізінде ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептердің мақсаттары мен міндеттері сапалы білім алуға жағдай жасауға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылығы қалыптасқан, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған. Мектептер оқушылардың зияткерлік, дене және рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды дербес өмірге және кәсіби өзін-өзі айқындауға даярлайды.

Жалпы білім беретін мектептердің негізгі міндеттері:

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларды іске асыру. Міндетті бастауыш (1–4 сынып), негізгі орта (5–9 сынып) және жалпы орта (10–11 сынып) білім беруді қамтамасыз ету. Білім алу, қабілеттерін дамыту және шығармашыл, сыни тұрғыдан ойлайтын тұлғаны қалыптастыру.

Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру; педагогтердің кәсіби құзыреттілігін, біліктілігін арттыру.

Мектептегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Қазақстан мектептерінде және әлем бойынша жиі кездесетін лауазым, ол оқушылардың білім алу тәжірибесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оны мектептің академиялық үдерісі барынша үйлесімді әрі тиімді болуы үшін бірлесе жұмыс істейтін жаттықтырушы, жоспарлаушы және ұйымдастырушының үйлесімі ретінде елестетуге болады.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – білім беру үдерісін ұйымдастыру мен басқаруда шешуші рөл атқаратын басшылық буын өкілі, мектептегі академиялық саясатты жүзеге асырушы тұлға. Ол білім сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстарды ұйымдастырып, оқу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді. білім мазмұнының мемлекеттік стандарттарға сай жүзеге асырылуын қадағалайды. Сабақ кестесін жоспарлауға көмектеседі, мұғалімдерге қолдау көрсетеді және оқушылардың оқу мақсаттарына сай білім алуын қадағалайды. Сонымен қатар, директор мен

педагогикалық ұжым арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқарады. Олар – мектеп директорлары мен мұғалімдермен бірлесіп, бәрінің жүйелі өтуін қамтамасыз ететін, тесттерді ұйымдастырудан бастап оқытудың жаңа әдістерін енгізуге дейінгі жұмыстарды үйлестіреді. Оның қызметі білім беру сапасын арттыруға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуын қамтамасыз етуге және педагогикалық ұжым қызметінің тиімділігін үйлестіруге бағытталады.

Бұл лауазым иесі тек бақылаушы емес, сонымен қатар стратег, үйлестіруші және көшбасшы. Оның кәсіби шеберлігі мен басқарушылық қабілеті мектептегі білім беру сапасына тікелей әсер етеді.

Оқу ісі жөніндегі орынбасардың күнделікті қызметі көпқырлы және жүйелі сипатқа ие:

Мектептің сабақ кестелері мен оқу графиктерін әзірлеу және ұйымдастыру. Бұл үдеріс педагогикалық жүктемені оңтайландыруды, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауды және білім алушылардың оқу жүктемесінің теңгерімді болуын көздейді.

Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету. Мұғалімдердің оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған кеңестер беру, сабақтарға қатысу және кері байланыс ұйымдастыру арқылы оқыту сапасын арттыру жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын әзірлеу және бақылау. Академиялық саясаттың іске асырылуын, оқу мазмұнының нормативтік құжаттарға сәйкестігін қадағалайды.

Білім алушылардың үлгерімін талдау. Мониторинг нәтижелері негізінде оқыту сапасын жақсарту жолдарын анықтап, түзету жұмыстарын жоспарлайды.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу. Оқу мәселелеріне қатысты сұрақтарды талқылау, серіктестік қарым-қатынас орнату.

Заманауи білім беру технологияларын енгізу. Цифрлық ресурстарды, инновациялық әдістерді сабақ үдерісіне интеграциялау арқылы білім сапасын арттыру.